

# ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

## Философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы

### «Миссионерлік әдістері» пәні бойынша дәріс тезистері

#### Дәріс 2. Діндер классификациясы

**Дәрістің мақсаты** – дінді зерттеудің пайда болу көздерін анықтау және діндердің жіктелуін жүйелеу. Фридрих Макс Мюллер дәрістерін талдау және оның ұсынған діндер классификациясын қазіргі дін ғылымымен байланыстыру.

#### Дәрістің негізгі мәселелері:

1. М. Мюллер бойынша миссионерлік және миссионерлік емес діндерге сипаттама;
2. Діндерді жіктеу критерийлері мен принциптері: географиялық орналасуы, әмбебаптығы, тез таралуы;
3. Діни ілімдердің тік (иерархиялық) және көлденең (диффузиялық) таралуы.

Діндер классификациясы – діни сенімдер, тәжірибелер және институттар туралы білімдерді ретке келтіру мен жүйелеу. Діндер классификациясы, біріншіден, ортақ тұстары бар тарихи діни қауымдар арасында топтама жасау, екіншіден, діни тәжірибенің құрылымын анықтау үшін діни құбылыстарды топтастыру сияқты талпыныстардан тұрады. Жалпы алғанда, классификация (топтастыру) мақсаты зерттеу нысанының ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Діндерді топтастырудың қиындығы діни сенімдердің алуан түрлілігімен байланысты. Діни құбылыстарды түсінікті және жүйелі етуге талпынған ғалымдар дінтану ғылымының дамуына өз үлестерін қосып келеді. Солардың ішінде дінтану ғылымының қалыптасуының бастауында тұрған Ф.М. Мюллердің классификациясына тоқталсақ: XIX ғ. дінтану ғылымының негізін салушылардың бірі Макс Мюллер 1873 ж. 3 желтоқсанда Вестминстер аббаттығында оқыған дәрісінде әлемдегі түрлі діндерді екі категорияға: миссионерлік және миссионерлік емес діндер деп бөлді.

М. Мюллер алғашқысына буддизм, христиан, ислам діндерін жатқызса, кейінгісіне зороастризм, индуизм және иудаизм діндерін жатқызады. Оның айтуынша, діннің негізін салушы немесе оның ізбасарлары ақиқатты тарату ісін Қасиетті борыш деңгейіне көтеретін діни сенімдерді миссионерлік діндер деп атауға болады. Әрине, бұл көзқараспен келісуге болады, себебі әлемдік діндердің мақсаты өзінің қатарына сенушілерді тарту болса, ал ұлттық діндер сенушілерді арнайы өз қатарына қосуды мақсат етпейді. Индуизм мен иудаизмнің ұстанушылары міндетті түрде белгілі бір қастаның немесе еврей халқының өкілі болуы тиіс. Зороастризмге келер болсақ, Иран жерінде пайда болған бұл дін, бастапқыда Орталық Азия, оның ішінде қазіргі Қазақстан территориясында таралды. Бірақ ислам діні пайда болғаннан кейін зороастризмді ұстанушылар саны азайып, бүгінгі таңда Үндістанда және Иран жерінде біршама қауымдар ғана қалды. Аталған жайттарды қарастыра отырып, «миссионерлік» ұғымының әлемдегі барлық діндерге тән еместігін анықтауға болады.

Миссионерліктің үш ұлы діндер шеңберінде қалыптасқанын американдық ғалым Уиллард Окстоби 1983 жылы жазған еңбегінде растайды. Оның пікірінше, ұлы діндерге буддизм, христиандық және ислам жатады. Миссионерлік діндердің қауымы бір ғана популяциямен шектелмейді және олардың діни әдебиеттері көптеген тілдерге аударылып, қоғамда діни құндылықтарды таратады. Американдық ғалым Патрик Берк те өзінің «Көпшілік діндер: мәтіндерге кіріспе» атты еңбегінде діндердің өз ішінде миссионерлік мүддені көздегендері және миссионерлікті қолдамайтындары бар екендігін айтады. Оның

айтуынша, кейбір діндер өздерін барлық адамдарға бағытталған деп есептейді; сондай-ақ, олардың мақсаты – барлық адамзатты қамту және мейлінше көп жаңа сенушілерді өз қатарына тарту. Мұндай діндерді әмбебап діндер деп те атайды. Бұл тұрғыдан қарағанда буддизм, христиандық және ислам – әмбебап діндер. Өзге діндерде осыған ұқсас әмбебап мақсаттар бола бермейді. Олар өздерін тек белгілі бір ұлтпен, тайпамен ғана байланыстырады.

Миссионерлік діндер өз ілімдерін әлемнің көптеген елдеріне тарату үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланады. Миссионерлік діндердің ерекшелігі, олардың әмбебаптылығында, кеңінен таралуында, бейімделгіштігінде деп айтуға болады. Әлемдік діндердің аталған өлшемдерге сай келуі, оларды миссионерлік деп атауға негіз болады.

#### **Бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Миссионерлік және миссионерлік емес діндердің ерекшеліктері;
2. Христиан және ислам миссионерлігінің негізгі кезеңдерін саралаңыз;
3. Буддалық миссионерліктің негізгі белгілерін анықтаңыз.

#### **Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Дінтану. Энциклопедиялық сөздік. 1,2 т. / Байтенова Н.Ж. [және т.б.]. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
2. Діндер тарихы / Ш.С. Рысбекова [және т.б.]. – Алматы, 2012. – 120 б.
3. Patrick Burke T. Major religions: An Introduction with Texts. – Wiley Blackwell, 2004. – 400 p.
4. Arnold T.W. The Preaching of Islam A History of the Propagation of the Muslim Faith. Second Edition Revised and Enlarged. – London: Constable & Company Ltd, 1913. – 494 p.
5. Sharma A. Problematizing Religious Freedom // Studies in Global Justice. – 2011. – № 9. – 263 p. // <http://www.springer.com/series/6958>
6. Штерн-Борисова, И.С. Христианская религия и современный колониализм. – М.: Наука, 1965. – 41 с.